| **Өтпелі тақырып:**<br>**Менің Қазақстаным (Желтоқсан)** | **1.апта Тарихымызға саяхат.** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тақырыбы: «Сыйқырлы серуен»<br>Міндеттері:Жетекшімен ауыса отырып жүру және жүгіру. Сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан).<br>**Қимылды ойын: «ЭКСПО алаңына жол»**<br>2. Тақырыбы: «Рудный қаласының спорт сарайында»<br>Міндеттері:Бір қалыпты жүру, жүгіру. Қысқа секіртпемен секіру. Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2-2,5м қашықтықтан), дәлдеп лақтыру.Спорт сарайындағы спорттық үйірмелер жайлы түсінікберу.<br>**Қимылды ойын:** «Мұзды аймақта» | **Сөйлеуді дамыту №13**<br>**Тақырыбы:**Тарихымызға саяхат.<br>**Міндеттері:**Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Тәуелсіз Қазақстан».<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру.<br>**Орыс тілі**<br>**«Путешествие в нашу историю» (I - неделя)**<br>**Задачи:** Учить детей описывать предметы быта | **Математика негіздері:№13**<br>**Тақырыбы:** «Қаламдағы зәулім сарайлар - **салыстыру**» **Міндеттері:** Өз қалаларындағы әсем де зәулім ғимараттар туралы айту.Олардың саны оның көлеміне және орналасуына байланысты емес екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкен,кішкентай заттардың санының сәйкестігі.<br>**Құрастыру: №7**<br>**Тақырыбы:** «Киіз үй»<br>**Міндеттері:** Балаларға ата бабаларымыздың өмір сүру салты туралы түсінік беру.Ұлттық мұрамыз киіз үй құрастыруды үйрету.Шыдамдылық пен төзімділікке бастаған істі аяқтай білуге дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану: №13** | **Сурет салу:№13**<br>**Тақырыбы:** «Торсықты әшекейлеу /қазақ ұлттық ою-өрнегі /сәндік сурет/»<br>**Міндеттері:**Дөңгелекте қазақ ұлттық оюдың элементтерін бейнелеуге үйрету /толқын, нүкте/, олардың арақашықтығын сақтауларын көрсету. Ою салу ептіліктерін дамыту.<br>**Жапсыру : №7**<br>**Тақырыбы:«**Тымақты әшекейлеу.<br>**Міндеттері:** Балаларды қазақ халқының қолтаңбалық өнерімен таныстыруды жалғастыру,<br>Қазақтың жаңа ою өренегімен таныстыру; «қошқармүйіз»,«құстұмсық», «гүл шоғы». Балаларды жапсыру кезінде өрнек злементтерін дөңгелек | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | казахского народа. Обогащать словарь детей новыми словами, объясняя их значение. | **Тақырыбы:** «Ыдыстар неден жасалған» **Міндеттері:** Ыдыс тарихына тоқталу.Сөздік қорларын молайту, қойылған сұрақтарға жауап беру, сөйлеу дағдысын дамыту. Ыдыстар туралы білімдерін толықтыру. Балаларды ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | пішінде, қағаздың ортасына орналастырды қадағалау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Шығармашылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2.апта Менің туған жерім** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тақырыбы: «Туған өлкемнің ағаштары»<br>**Міндеттері:**Түрлі тапсырмалармен шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2-2,5м қашықтықтан), дәлдеп лақтыру.<br>50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шырша,қайың, қарағайға - жасырын»<br>2. Тақырыбы: «Тобыл өзені жасғасында»<br>Міндеттері:Екі сызықтың арасымен жүру және жүгіру.<br>50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. Қолдарын белдеріне қойып, гимнастикалық орындық бойымен жүру.<br>**Қимылды ойын:** «балықтар аулаймыз»<br>3.Тақырыбы: «Амид – тренажер залындамыз»<br>Міндеттері:Қатардан шықпай қолдың еркін қимылымен жеңіл және ырғақты жүгіру. Қолдарын белдеріне қойып, гимнастикалық орындық бойымен жүру.<br>Гимнастикалық қабырғадан | **Сөйлеуді дамыту №14**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Туған жер»**<br>**Міндеттері:**<br>Шағын әңгімелер айтып беруге үйрету. Туған өлкеге байланысты өлеңдер оқу. Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.<br>**Көркем әдебиет:№7**<br><br>**Тақырыбы:**<br><br>«Рудный –әсем бай қалам» атты өленін жаттау<br><br>**Міндеттері:** «Рудный – әсем бай қалам» өлеңімен таныстыру. Өлең мазмұнын айта білуге үйрету. Туған өлке Рудный туралы білімдерін кеңейту.Зейінін, қиялын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Математика негіздері:№14**<br><br>**Тақырыбы:№14 «Туған өлкенің кереметтері»**<br>**Міндеттері:** Геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратады және атайды.<br>**Дид-қ ойын: «Неге ұқсайды?»**<br>**Жаратылыстану№14**<br><br>**Тақырыбы:** «Құсхананы мекендеушілер»<br>**Міндеттері:** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипатта білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Туған өлке құстары»** | **Сурет салу:№14**<br>**Тақырыбы:** «Қалалық саябақ»<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағытта тура сызықтар мен олардың қилысуын үйрету. Балалардың дербестәжрибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Дәстүрден тыс сурет салуын жетілдіру.<br>**Мүсіндеу: №7**<br>**Тақырыбы: «Туған өлкенің ағаштары» (топтық)**<br>**Міндеттері:** Қысу және жағу,толық пішініді беру үшін қарай басу жаңа тәсілдерін қолдана отырып балаларды мүсіндеуге үйрету. Домалақтап,қысып, үлкен саусақпен ішіне қарай басып шеттерін созуға жаттықтыру.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы:** «Туған өлке»<br>**Міндеттері**:Туған өлкеміздің ерекшеліктерін білу, жаңа әндермен танысу.Ұлттық аспаптармен танысу. Музыкалық өнердің әр-түрлі бағытын | **Қоршаған ортамен таныстыру №7**<br>**Тақырыбы:** «Менің туған қалам. Сурет бойынша әңгіме.»<br>**Мақсаты:**<br><br>Балаларды сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3.апта Астана – туған жердің астанасы** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тақырыбы: «Астана көшелері»<br>Міндеттері: Баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу. Шеңбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Мен Астанаға барамын»**<br>2. **Тақырыбы:** «Астана –арман қала»<br>**Міндеттері:**Шапшаң және баяу қарқынмен ауыса отырып жүгіру. Шеңбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Түрлі бағытта төрттағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Мегаға» кім бірінші жетеді? »**<br>3.Тақырыбы: «Бәйтерекке бармыз»<br>Міндеттері: Екі сызықтың арасындағы жолмен қолдарын еркін жағдайда ұстап кеңдеу адыммен жүру. Түрлі бағытта төрттағандап еңбектеу.<br>Бір-біріне допты домалату.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Бәйтерекке тез жет»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Астана-Отан жүрегі»**<br>**Міндеттері:**<br>Қазақстан республикасының бас қаласы – Астана туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Біздің елордамыз-Астана»<br>**Міндеттері:** Қазақстан Республикасы туралы ойларын қалыптастыру, Елорда Астана оның көрікті жерлері жайлы білімдерін кеңейту, қаланың тарихын білу, қала туралы білімдерін тиянақтау, тіл байлығын, ой өрісін, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, елімізді, қаламызды сүюге баулу, қаланың көрікті жерлері мен тарихи ескерткіштерін аялауға, мақтаныш тұту.<br>**Орыс тілі**<br>**«Астана – столица нашей родины!» (III - неделя)**<br>**Задачи:** Познакомить детей с достопримечательностями Астаны, расширять знания детей о столице, слушать и понимать заданные | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Астанам-бас қалам»**<br>**Міндеттері:** Кеңістікте бағдарлау:өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету.Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас,аяқтар,қолдар)<br>**Дид-қ ойын: «Астананың көрікті жерлері»**<br>**Жаратылыстану**<br>«Астана –еліміздің жүрегі»<br>Міндеттері: Балаларға өз отанын құрметтей білуге үйрету.Отан жайлы түсініктерін кеңейтуге оқыту.Бас қала – астана жайлы мағлұмат беру.<br>**Құрастыру:**<br>«Астанадағы зәулім сарай»<br>Міндеттері: Балалармен канструкторлар арқылы астана қаласында орналасқан зәулім үйлерді жасау.құрылысшы еңбегін бағалап, өз елінің астанасы жайлы түсініктерін кеңейтіп, мақтаныш сезімдерін ұялату. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Пирамида»**<br>**Міндеттері:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін салуға үйрету. Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру<br>**Үстел-үсті ойыны: «Әдемі пирамида» (Воскобович ойындары)**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Бәйтерек»<br>**Міндеттері:** Балаларме нтүстерді дұрыс таңдай отырып бәйтеректі жапсыруды үйрет у. Астана орталығында орналасқан бәйтерек туралы мәлмет беу.<br>**Музыка.**<br>**Тақырыбы**: «Тәуелсіз Қазақстан»<br>**Міндеттері**: Тәуелсіз ел екенімізді , тәуелсіз ұрпақ екеніміз түсіндіру.Орындаушылы қ қәбілетін арттыру.Отандық және азаматтық тұлға қалыптастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.апта Тәуелсіз Қазақстан» ( Алғашқы Президент,мемлекеттік рәміздер** | **Дене шынықтыру**<br>1.**Тақырыбы:** «Таза ауада серуен»<br>Міндеттері: Шашырап жүру және жүгіру. Бір-біріне допты домалату. Басына құм салынған қап қойып (салмағы 400 грамм), тура салынған жіп бойымен жүру.<br>**Қимылды ойын: «Тұғырлы жалау»**<br>**2.тақырыбы:** «Жайлауда»<br>**Міндеттері:**Жүруді жүгіруге ауыстыру. Басына құм салынған қап қойып (салмағы 400 грамм), тура салынған жіп бойымен жүру. Допты жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу.<br>**Қимылды ойын: «Теңге алу»**<br>**3.Тақырыбы:**<br>«Мен елімнің ұланы»<br>Міндеттері. Қатар қойылған заттардың арасынан «жыланша» жүгіру. Допты жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіру (бір-бірінен 1 м арақашықтықтағы 4 сызық).<br>**Қимылды ойын: «Кім жылдам**<br>**Эстафеталық жарыс: «Кішкентй десантшылар»** | **Сөйлеуді дамыту №16**<br>**Тақырыбы: «Туған жеріңнен артық жоқ»**<br>**Міндеттері:** Балаларға жоспар бойынша әңгіме құрай білуге үйрету.Сұрақтарға жауап бере отырып, мәнерлеп сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Көркем әдебиет:№8**<br>**Тақырыбы: (оқу) «Дала» Н.Әлімқұлов**<br>**Міндеттері:** Өлеңді зейін қойып тыңдап,мазмұнын түсіне білуге үйрету.Талдау жасау қабілеттерін дамыту.Туған жерге деген патриоттық сезімдерін арттыру.Өз үйін,тұрған жерін бағалай білуге тәрбиелеу. | **Математика негіздері:№16**<br>**Тақырыбы: «Қазақстанның байлықтары»**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру.<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай жерде...?»**<br>**Жаратылыстану №16**<br>**Тақырыбы: «Орман аруы » Міндеттері:**Табиғат әлеміне жылы сезімін тәрбиелеу.Балалардың табиғат туралы білімдерін бекіту.Адам өмірінде ағаштың пайдасы жайында.Жаңа жыл қарсаңында ормандағы тәртіпке көңіл бөлу. Орманды аялауға, күтіп баптауға тәрбиелеу. | **Сурет салу:№16**<br>**Тақырыбы: «Туған өлкем» (тау,киіз үй,өзен) (сюжеттік)**<br>**Міндеттері:** Балаларға өз жұмыстарының мазмұнына мән беруге, туған жерінің әсемдігіне көңілдерін бөлу.Өз беттерінше шығармашылық қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу №8**<br>**Тақырыбы: «**Баян Сұлу -аруы»(ұзын көйлекті қыз)заттық мүсіндеу<br>**Міндеттері:** Киімдегі адам пішінінің мүшесін айыруға үйрету /бас, етегі кең көйлек, қолы/. Пропорция сақтай отырып қыздың басын, бас киімін, ұзын көйлегін мүсіндеп үйрету.<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы:** «Туған жер»<br>**Міндеттері:**Туған өлкені білу танысу, жақсы көру. Атақты композиторларды күйшілерді, шығармаларын тану.<br>**Музыка -2**<br>**Тақырыбы:** «Біздің -жеріміз» | **Қоршаған ортамен таныстыру №8**<br>**Тақырыбы: «Менің отаным-Қазақстан»**<br>**Міндеттері:** Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту.Тарихымен, мемлекеттік әнұран, елтаңба, тумен таныстыру. Туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі (Қаңтар) | 1.апта Бізді қоршаған өсімдіктер» | **Дене шынықтыру**<br>1. **Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»**<br>**Міндеттері:** Бағытты өзгерте отырып жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіру (бір-бірінен 1м арақашықтықтағы 4 сызық). Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру.<br>**Қимылды ойын: «Гүлге қарай жүгіреміз»**<br>2. **Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Гүлдерді қорғаймыз»**<br>**Міндеттері:** Орташа қарқынмен жүру және жүгіру. Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу.<br>**Қимылды ойын: «Гүлдер жаттығуы»**<br>3. **Денешынықтыру Шырша айналасында»**<br>**Міндеттері:**Бірінің артынан бірі кедергілерден аттап жүру. Допты бір-біріне | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»**<br>**Міндеттері:** Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Бізді қоршаған өсімдіктер»<br>**Міндеттері:** Көктемде табиғаттың біртіндеп оянатынын айту.Сөздік қорын байыту, ақыл-ойын дамыту.Көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Жеті пілтелі гүл»**<br>**Орыс тілі**<br>**«Растения вокруг нас» (I - неделя)**<br>**Задачи:** Развивать умение согласовывать существительные, прилагательные, местоимения в роде, числе, падеже. Использовать предлоги «за», «перед», «под». | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»**<br>**Мақсаты:** 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.<br>**Дид.ойын: «Шырша жаңғақтарын сана»**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Шырша»**<br>**Міндеттері:** Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалану.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны орналастыр»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»**<br>**Міндеттері:** Бөлме өсімдіктерін атай білу дағдыларын бекіту. Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид.ойын: «Гүл егеміз»** | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Шырша жаңғақтары»**<br>**Мақсаты:** Бірнеше бөліктерден заттарды қиып ,оларды орналастыру,пропор-цияны сақтай отырып, бөліктерді жапсыру.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Жаңғақтарды жина»**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Шырша»**<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай отырып сурет салуға үйретуді жетілдіру.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны безендірейік»**<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы:** «Сықырлаған жапырақтар»<br>**Міндеттері**:Музыкаға қызығушылығын ояту, табиғат әлеміндегі ерекшеліктерге өз ойларын білдіруге машықтандыру. Бізді қоршаған ортада кездесетін дыбыстарды тыңдай білу және | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу.<br>Балаларды төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату. **Қимылды ойын: «Шыршаны айналамыз»** | | | ажырату. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2.апта Жануарлар әлемі** | **Дене шынықтыру**<br>1. **Тақырыбы:** «Ормандағы аңдар»<br>**Міндеттері:**Тақтай бойымен жүру және жүгіру. Балаларды төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Қасқыр мен кояндар»**<br>2. **тақырыбы:** «Түйенің тапсырмалары»<br>**Міндеттері:**Тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүру.<br>3. **Тақырыбы:** «Зообаққа барар жолда»<br>**Міндеттері:**Бір минут баяу қарқында жүгіру. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүру. Мұзды жолдармен өздігінен сырғанау | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Үй жануарлары мен төлдері»**<br>**Мақсаты:**Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.<br>**Дид-қ ойын: «Не қалай дыбыстайды?»**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық» Ы. Алтынсарин<br>**Міндеттері:** Педагог Ы. Алтынсарин , оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.Оқылған шығарма мазмұнын әңгімілеуге , диалог сөздері мәнеріне келтіре айта белуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды көркем әдебетке деген қызығушылығын тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**«Үй жануарлары»<br>**Міндеттері:** 1 санымен танысу.Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.<br>**Дид.ойын: «Төлдерін ата»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Үй жануарлары қандай?»**<br>**Міндеттері:** Үй жануарларының сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейтіп, білімдерін бекіту.<br>**Дид.ойын: «Ненің дауысы?»** | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қозы»**<br>**Міндеттері:** Мүсіндеу мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Дид.ойын: «Анасын тап»**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қой»**<br>**Міндеттері:**<br>Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйретуді дамыту.<br>**Дид.ойын: «Өз мекенін тап»**<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы:** «Үй жануарлар»<br>**Міндеттері:**Музыкалық мәнерді қабылдай білуді дамыту, баланың өз дауысымен, тамағына ешқандай қысым келтірмей ән айтуды үйрету.Жануарлар жайлы әнедермен машықтану.<br>**Музыка-2**<br>**Тақырыбы:** «Дала жануарлары»<br>**Міндеттері**:<br>Шығармашылық ойларын және | **Қоршаған ортамен таныстыру №9**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жабайы жануарлардың күздегі тіршілігі»<br>**Мақсаты:**<br>Жабайы жануарлардың күздегі тіршілігімен таныстыру. Білуге құштарлықты және жануарлар өміріне қызығушылықты дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Құстар біздің досымыз** | **Дене шынықтыру**<br>1. **Тақырыбы:**«Қыстап қалатын құстар»<br>**Міндеттері:**Құстардың түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеу: ырғақты жүру, жеңіл жүгіру. Мұзды жолдармен өздігінен сырғанау. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру.<br>**2.Тақырыбы:** «жайлымдағы балапандар»<br>**Міндеттері:**балапандар жайылымда шашырап жүру және жүгіру. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру. Алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу.<br>**3.Тақырыбы:** «қанатты достар»<br>**Міндеттері:** Балалар қанатты достары құстар кейіпінде болады орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру. Алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жыл құстары»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру дағдыларын бекіту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Құстың ұясы»<br>**Міндеттері:** Әңгіменің мазмұнына қарай сұрақ қойып, дұрыс жауап беруге үйрету. Жағымды, жағымсыз қылықтарды ажыратуға дағдыларын дамыту. Қамқор бола білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Дид.ойын: «Құстардың атын ата»**<br>**Орыс тілі**<br>**«Птицы – наши друзья» (III - неделя)**<br>**Задачи:** Расширять словарный запас через игры и игровые упражнения задавать вопрос с вопросительной интонацией и придумывать ответ, основываясь на своем опыте | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Құстарға ұя жасаймыз»**<br>**Мақсаты:**Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид.ойын: «Мекенін тап»**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық»**<br>**Міндеттері:** 2 Санымен танысу.екі заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне жаттықтыруды жалғастыру.<br>**Дид.ойын: «Жапалақ»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары»**<br>**Міндеттері:** Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін аңғарту. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу. Ойлау, тыңдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Дид.ойын:«Әр құсқа өз орны»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тотықұс»**<br>**Міндеттері:** Құстың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеу.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Тотықұстың әдемі үйі»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Тотықұс»**<br>**Міндеттері:** Құстардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид.ойын: «Құсты және ұясын құрастыру» (Воскобович ойындары)**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Әнші құстар»<br>**Міндеттері:** Музыкалық және шағармашылық қабілеттерін дамыту. Би қозғалыстарының негіздерін қалыптастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.апта Қыс сиқыры** | **Дене шынықтыру**<br>**1.Тақырыбы: «Қарлы аймақ»**<br>Міндеттері:Қозғалыс бағытын «жыланша» ирелеңдеп өзгертіп жүру. 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру. Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см). **Қимылды ойын: «Қар кесектері»**<br>**2.Тақырыбы:** «Қыс қызығы»<br>**Міндеттері:**Түзу бағытта біркелкі қадаммен жүру және бірқалыпты жүгіру. Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см). Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру.<br>**3.Тақырыбы:** «Көңілді қыс»<br>**Міндеттері:**Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Міндеттері:** Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Қайсысы артық?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көңілді қыс» өлеңі**<br>**Ш.Мұхамеджанов**<br>**Мақсаты:**Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңдердің ұйқасын айта білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Аппақ, аппақ, жапалақтап...»** | **Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»**<br>**Міндеттері:** 3 санымен танысу.Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруді қалыптастыру.<br>Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Аяз атаға көмек»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді»**<br>**Міндеттері:**Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Қыс ерекшелігі»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Міндеттері:**Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын қалыптастыру.Дөңгелек пішінді заттарды салу.<br>**Дид.ойын: «Ұлпа қарлар»**<br>**Мүсіндеу.**<br>Тақырыбы: «Аяз ата»<br>Сабақтың мақсаты: Балаларды толық бейнені құрастыру әдісі арқылы мүсіндеу іскерліктеріне баулу. Аталғыш әдіс арқылы аяз ата бейнесін мүсіндеуге үйрету. Шығармашылық кабілетін, көркемдік ойлауын дамыту.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «**Әдемі қыс»<br>**Міндеттері:** Музыка арқылы баланың елестету, фантазия және шығармашылық ойларын дамыту. Музыкаға деген нақты қызығушылығын ояту.<br>**Музыка -2**<br>**Тақырыбы:**<br>«Сыңғырлаған қар»<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерді тыңдай білу және қабылдай білу қабілеттерін дамыту.Музыкадағы | **Қоршаған ортамен таныстыру №10**<br>**Тақырыбы: «Қыс мезгілі»**<br>**Міндеттері**: қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту<br>**Дидактикалық ойын** : «Мұздатамын |

| | | **Денсаулық – 3**<br>**Дене шынықтыру - 3** | **Қатынас – 2,5**<br>**Сөйлеуді дамыту- 1**<br>**Көркем әдебиет – 1**<br>**Орыс тілі– 0,5** | **Таным – 2,5**<br>**Математика негіздері– 1**<br>**Құрастыру – 0,5**<br>**Жаратылыстану– 1** | **Шығармашылық – 3,5**<br>**Сурет салу – 1**<br>**мүсіндеу – 1**<br>**жапсыру – 0,5**<br>**Музыка – 1,5** | **Әлеумет – 0,5**<br>**Қоршаған ортамен таныстыу– 0,5** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем (Ақпан)** | **1.апта**<br>**Ғажайыптар әлемі**<br>**(Өлі табиғат туралы)** | **Дене шынықтыру**<br>**1.тақырыбы: «тау тасты аймақ» Міндеттері:** тау тасты аймақта шашырап жүру және жүгіру қауіпсіздік шараларын сақтау. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу. Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу.<br>2. Тақырыбы: «Қарлы дала»Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу. Бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өту.<br>**Қимылды ойын: «Қармен дәл тигіз»**<br>**3.Тақырыбы:** «Қысқы қызық»<br>Міндеттері: Сапта тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:Тірі және өлі табиғат**<br>**Мақсаты:** Табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту,оны қорғай білуге тәрбиелеу; Өлі және тірі табиғатты ажыратуға үйрету; Қоршаған әлемге қамқорлықпен қарау дағдыларын дамыту; Өлі табиғат туралы түсінік беру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат»**<br>**Мақсаты:** Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шыңдау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Балаларды адамгершілікке, өз ойын толық жеткізе білуге, табиғатты аялай білуге, табиғат байлығын | **Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы: «Қысқы орман»**<br>**Міндеттері:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап, қорыта білуді дамыту. **3 санын бекіту.**<br>**Дид-қ ойын: «Шырша қанша?»**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Міндеттері:** Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану.<br>**Дид-қ ойын: «Аққала соғамыз»** (жинаймыз)<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Қар қиыршықтары»**<br>**Міндеттері:** Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Қардың суға айналуын қарапайым тәжрибелер арқылы көру. | **Сурет**<br>**Тақырыбы: «Ақша қар»**<br>**Міндеттері:** Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, сурет салуды дамыту. Үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салуды қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Қар жауып тұр»**<br>**Міндеттері:** балаларға қыс туралы түсінік бере отырып,өлі табиғат пен таныстыру. Ақ ұлпа қар туралы мәлімет беру.балаларды шапшаңдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.Сұрақ-жауап әдісі арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мақтадан ақ ұлпа қар жасай білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар»** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өту. Берілген бағытта допты домалату, допты қақпаға домалату. | қорғауға, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу<br><br>**Орыс тілі**<br>**«Прекрасное рядом (явление неживой природы)» (I - неделя)**<br>**Задачи:** Учить рассматривать коллекцию камней вызвать у детей желание поднять и рассмотреть камень; вызвать эмоциональный отклик от увиденного. Обогащать речь детей словами, обозначающими качество и свойства предметов. | **Дид-қ ойын: «Қар қиыршықтары қандай?»** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып дыбыстар»<br>**Міндеттері:** Музакалық шығармалар арқылы баланың ішкі жан дүниесін дамыту. Әр – түрлі музыкалық жанрлармен таныстыру.Кейбір музыкалық аспаптарда ойнау әдістерін көрсету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2.апта Көліктер** | **Дене шынықтыру**<br>1. **Тақырыбы:** «Көшедегі көліктер»<br>**Міндеттері:** Балалар көліктер кейпінде.Бағытты өзгерте отырып жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Берілген бағытта допты домалату, допты қақпаға домалату. Басына қап қойып, жіптің бойымен жүру.<br>2. **Тақырыбы**«Жол сақшысы»<br>**Міндеттері:** Педагог жол сақшысы болып бастап жүреді. Сапта белгі бойынша тоқтап, біреуден жүру және жүгіру. Басына қап қойып, жіптің бойымен жүру. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру.<br>3. **Тақырыбы:** «Жаяу жүргіншілер»<br>**Міндеттері:** Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Міндеттері:** Заттардың тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру.<br>**Дид-қ ойын: «Көлікті аяқта»**<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** «Автобустағы оқиға» Нұрдәулет Ақыш.<br>**Міндеттері:** Жазушы Нұрдәулет Ақыштың өмірімен, шығармашылығымен қысқаша таныстыру. Шығарманы оқу арқылы түсініктерін қалыстастыру.Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелей білуге, шығармадағы оқиғаны өзінің өміріндегі көргендерімен салыстыра білуге үйрету.Әңгіме авторына деген құрмет қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге көмек сезімдерін тәрбиелеу. | **Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы: «Автотұрақ» (геометриялық пішіндер)**<br>**Міндеттері:** Геометриялық пішіндерді:шеңбер, шаршы тану және атау. Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу.<br>**Дид-қ ойын: «Вагонның таңбасын тап»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қыстағы көліктердің күтімі»**<br>**Міндеттері:**Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың нәтижелелін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру.Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыпастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Көліктерді жинайық»** | **Сурет**<br>**Тақырыбы: «Автобус»**<br>**Міндеттері:**Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану.<br>**Дид-қ ойын: «Ненің дыбысы?»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Паровоз»**<br>**Міндеттері:** Мүсіндеу мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу. Пішіндерді ретімен домалатып , ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид- ойын: «Әр бөлшектің орнын тап»**<br>Музыка -1<br>**Тақырыбы:** «Ауыр көліктер»<br>**Міндеттері**:Музыкалық имидждің ерекшеліктерін, оның дамуын, өзгерістерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін экспрессивті құралдардың дифференциалды музыкалық қабылдауын дамыту | **Қоршаған ортамен таныстыру №11**<br>**Тақырыбы:** «Қызмет машиналары»<br>**Мақсаты:** Көліктің қызметтік түрлері және олардың міндеттері туралы балалардың түсінігін қалыптастыру . Танымдық қызығушылы қты дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3.апта Электроника әлемі** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тақырыбы: Болашақ электриктер<br>Міндеттері:Орташа қарқынмен жүру және жүгіру. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіру. Бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру.<br>**Қимылды ойын: «Электриктер»**<br>2. Қарқынды өзгерте отырып жүру және жүгіру. Бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру. Сапқа тұру барысында бағдар бойынша теңелу; оңға, солға айналу, бұрылыстар жасау.<br>**Қимылды ойын: «жалғанған тоқтар»**<br>**3. Тақырыбы:** «Злектроника әлемі»<br>**Міндеттері:**Кедергілерден аттап жүру және жүгіру. Сапқа тұру барысында бағдар бойынша теңелу; оңға, солға айналу, бұрылыстар жасау. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қырындап адымдау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар»**<br>**Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру.<br>**Дид-қ ойын: «Менің үйімдегі электроника»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>*«Электроника әлеміне саяхат»*<br>***Мақсаты:****Электроника әлемі туралы түсінік қалыптастыру ,қауіпсіздік ережесімен таныстырып, пайдасы туралы білімдерін нығайту.*<br><br>**Орыс тілі**<br>**«Мир электроники» (III - неделя)**<br>**Задачи:** Активизировать в речи название кухонной посуды и бытовой техники. Предложить рассмотреть предметы, которые помогают нам приготовить обед. Опираясь на опыт ребенка, предложить составить рассказ о том, как он помогал маме на | **Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар, 4 саны»**<br>**Міндеттері:** 4 санымен танысу.Кеңістікте бағдарлау. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алады.<br>Дид-қ ойын: «Шаңсорғыш»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**«Теледидар»<br>**Міндеттері :**<br>Міндеті:Тұрмыстық заттарды қайталай отырып, теледидар жайлы білімдерін толықтыру констркуторды қолданып , теледидарға керекті пішідерді дұрыс таңдап алуға үйрету , өз ойларынан, шығармашылық қабілетін дамыту, өз жасаған жұмыстарын, жақсы көруге тәрбиелеу<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Балыққа арналған -Аквариум»**<br>**Міндеттері:** Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту.<br>Дид-қ ойын: «Мекенін тап» | **Сурет**<br>**Тақырыбы: «Теледидар»**<br>**Міндеттері:** Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Не артық?»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Ұялы телефон»**<br>**Мақсаты:** Тұрмыстық заттарды жапсыруға қызығушылық дағдыларын қалыптастыру<br>**Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Электроника әлемі»<br>**Міндеттері:**Музыкалық көркемдік құралдарын ажыратуды үйрену, музыканың көркемдік мүмкіндіктері туралы балалардың идеяларын дамыту. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.апта Барлық мамандықтар маңызды** | **Дене шынықтыру**<br>1. **тақырыбы: «Құрылысшылар»**<br>**Міндеттері:**құрылыс алаңыдағы еңбекшілер сияқты сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүру. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қырындап адымдау.<br>50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу.<br>**Тақырыбы: Почта қызметкері.**<br>Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру және жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу.<br>**Қимылды ойын: «Хат тасушы»**<br>**Тақырыбы: Өрт сөндірушілер**<br>3.Белгілі арақашықтықта жүру және жүгіру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5–2 м арақашықтықтан және көлденеңінен (2–2,5 м арақашықтықта) оң, сол қолмен лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**(сурет бойынша әңгіме)**<br>**міндеттері:**<br>Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындай алады.<br>**Дид-қ ойын: «Кімнің құралы?»**<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** «Тәтті тоқаш» А. Осеева (аударма)<br>**Міндеттері:** аспазшы мамандығын еңбегі туралы айту.Оқылған әңгіменің мазмұнын меңгерту. Оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту. Ата-анаға, үлкендерге сыйластығын тәрбиелеу. | **Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы: «Құрылысшының құралы»(көлем)**<br>**Міндеттері:**Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру: таңертең,<br>күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең ұғымдарын атайды.<br>**Дид-қ ойын: «Біз үй саламыз»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мен құрылысшы боламын»**<br>**Міндеттері:** Ересектердің еңбегін бағалай білуге,ересектерге сыйластықпен қарым қатынас жасауға қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Әсем үйлер»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Дәрігер»**<br>**Міндеттері:** Дәрігер бейнесін көркем бейнелеуге үйрету.Суреттен алған әсерлерін сөзбен жеткізе білуге баулу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: «Аспазшы құралы - ожау»<br>**Міндеттері:** Елестету арқылы баланың шығармашылығын дамыту. Ойлаған ойларының іске асуына ықпал жасау.Өткен материалдар жайлы білімдерін бекіту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Музыка – 1**<br>**Тақырыбы:** «Мен өскенде мақсы маман боламын»<br>**Міндеттері**:Түрлі музыкалық жанрлар туралы идеяларды дамыту, музыкалық аспаптарды ойнау әдістемелерін көрсету<br>**Музыка-2**<br>**Тақырыбы:** «Мен әнші әрі күйші боламын»<br>**Міндеттері**:Қазақ және орыс халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген | **Қоршаған ортамен таныстыру №12**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Міндеттері:**<br>Барлық мамандық иелерінің еңбектерін қадірлеуге тәрбиелеу.Ман-дықтарға қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Дид-қ ойын: «Қандай мамандық иесі?»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Дәстүр мен фольклор Наурыз** | **1.апта Қазақстан халқының салт-дәстүрлері** | **Денсаулық – 3**<br>**Дене шынықтыру - 3** | **Қатынас – 2,5**<br>**Сөйлеуді дамыту- 1**<br>**Көркем әдебиет – 1**<br>**Орыс тілі– 0,5** | **Таным – 2,5**<br>**Математика негіздері– 1**<br>**Құрастыру – 0,5**<br>**Жаратылыстану– 1** | **Шығармашылық – 3,5**<br>**Сурет салу – 1**<br>**мүсіндеу – 1**<br>**жапсыру – 0,5**<br>**Музыка – 1,5** | **Әлеумет – 0,5**<br>**Қоршаған ортамен таныстыу– 0,5** |
